

**Нажипова Н.С.**  
***Шәкәрім аындағы МУ, Семей қаласы, Қазақстан***  
**Дайын өнімді өндіру мен өткізудің есебі**

Өнімнің өндіріс аясынан айналым аясына өтуін өнімнің шығарылуы деп атайды. Ұйым өнімін өткізу процесінде ақша қаражаттары алынады. Олардың есебінен жұмсалған шығындар жабылады, салықтар және басқа төлемдер бойынша бюджетпен; еңбекті төлеу бойынша жұмыс істеушілермен; жабдықтаушылар мен мердігерлермен, басқа кредиторлармен есеп айырысу жүргізіледі.

Ұйымның қаржылық жағдайының нығаюы өндірілген өнімнің дер кезінде дайындалуы мен өткізілуіне тәуелді. Дайын өнімнің бар болуы мен қозғалысы туралы ақпаратты жалпылау үшін 1320 «Дайын өнім» шоты арналған. Бұл шоттың дебеті бойынша өндірістен шығарылып, қоймаға берілген өнімнің нақты өзіндік құны көрсетіледі. Шоттың кредиті бойынша өткізілу тәртібінде тиелген немесе сол жерде сатып алушыларға берілген дайын өнім есептен шығарылады. Сатып алушыларға дайын өнімдерді төлеу үшін есеп айырысу құжаттары ұсынылмайды. Дайын өнімдер ұйымның өзі қолданылуы үшін жіберілсе, онда «Дайын өнім» шотына кіріске алынбайды, 1310 «Шикізаттар мен материалдар» тобының сәйкес шоттарында немесе 7210 «Әкімшілік шығындар», 7110 «Өнімдерді сату және қызмет көрсетулер бойынша шығындар» шоттарында есептеледі.

Материалдар өздері сақталып тұрған жері бойынша, яғни ұйым қоймасында және бухгалтериясында есептеледі. Қоймадағы материалдар түрлеріне қарай сөрелерде, шкафтарда және жәшіктерде орналастырылады. Қоймадағы және цехтардағы материалдардың талдамалық есебі белгіленген түрі бойынша олардың ішінде сорттары мен маркаларына орай жүргізіледі. Қоймада материалдардың тек қана сандық есебі жүргізіледі. Материалдардың әрбір номенклатуралық номеріне жеке карточка ашылады, ол бухгалтериядан қоймаға жартылай толтырылған күйінде беріледі.

Алынған карточкаларда қоймашы материалдардың сақталу орнын сипаттайтын реквизиттерді толтырады. Карточкаларға жазбалар құжаттардың негізінде жазылады.

Материалдардың қоймалық есебін жүргізу қоймашының міндетіне кіреді. Қоймашы күн сайын кіріс және шығыс құжаттарын толтырады және карточкаларға жазып отырады. Картотеканы жүргізу бойынша жұмыстарды келесі күнге қалдыруға болмайды. Әрбір операциялық күннің соңында карточкаларда сол күні қозғалысы болған материалдық құндылықтардың қалдықтары шығарылады.

Материалдардың күндік айналымына құжаттарды қабылдау- өткізу реестрі екі данада толтырылады: біреуі құжаттар қосылыпбухгалтерияға табыс етіледі, екіншісі – құжаттарды қабылдап алған бухгалтердің қолы қойылған қоймашыда қалады.

Қоймалық операцияларға бухгалтерлік бақылауды материалдық бөлім бухгалтері жүргізеді. Тексерісті және құжаттар қабылдауды аяқтаған соң, бухгалтер құжаттарды қабылдау-өткізу реестрінің екі данасына қол қояды. Реестрлер материалдардың кірісі мен шығысына жеке құрылады.

Материалдардың қалдықтық әдісінің негізінде оперативті және бухгалтерлік әдістерінің арасындағы толық үйлесімділік алынған. Есептің қалдықтық әдісі ең прогрессивті болып табылады, өйткені есептік жұмыс көлемін қысқартуға, материалдық қалдықтардың дұрыс және дер мезгілінде кіріске алынуына күнделікті бақылау өткізуге, материалдық қорлардың қоймаларда және басқа сақтау орындарында жетіспеушіліктері мен артықшылықтарын дер мезгілде анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар материалдардың талдамалық есебі бойынша жұмысты жеңілдетеді және есептің сапасы айтарлықтай жақсарады. Оның негізі артықшылығы мынада – бухгалтерияда материалдық қорлардың есебі бойынша талдамалық карточкалар жүргізілмейді және талдамалық шоттар бойынша айналым тізімдемелері толтырылмайды. Қоймадағы материалдардың бүкіл талдамалық есебін материалды- жауапты тұлға сандық өлшемде карточкаларда жүргізеді. Одан

басқа қалдықтық әдіс қоймалардағы материалдарға, белгілі бір айдың күнімен шектелмей, кез келген уақытта түгендеу өткізуге мүмкіндік береді. Есептің қалдықтық әдісі ағымдағы есепте тұрақты есептік бағаларды қолдануын талап етеді.

Қоймадағы материалдар қалдығының есебінің тізімдемесі әрбір материалды-жауапты тұлға бойынша жеке ашылады. Олар материалдардың қоймалық есеп карточкаларының мәліметтері бойынша материалдар қалдығын айдың бірінші күніне сандық мәнде қойып отырады. Мәліметтер қоймалық есептің номенклатурасы бойынша келтіріледі. Ай соңында тізімдемелер бухгалтерияға беріліп, онда материалдардың бар болуының сандық көрсеткіштері есептік бағалар бойынша есептеліп, материалдардың әрбір тобы бойынша жиыны шығарылады.

*Дайын өнімдер есебі бойынша шаруашылық операцияларының шоттар корреспонденциясы*

№	Шаруашылық операция мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Өндірістен дайын өнімдер шығарылды	1320	8110, 8210, 8310
2.	Сатылған өнімдердің іс жүзіндегі өзіндік құны қажетсіздендірілді	7010	1320
3.	Сатып алушыларға шот көрсетілді: сату құнына	1210, 2110	6010
4.	ҚҚС сомасы ағымдағы банктік шоттан бюджетке аударылды	3130	1030
5.	Сатып алушылардан ағымдағы банктік шотқа алынды	1030	1210, 2110
6.	Өнімдерді сату бойынша коммерциялық шығындар бейнеленді	7110	1310, 3350
7.	Есепті кезең соңында шоттар жабылды Табыстар Шығындар	6010 5610	5610 7110, 7010

Әдебиеттер:

1. Кеулимижаев, К.К. Финансовая отчетность.- Алматы, 2009 -С. 47-51
2. Толпаков, Ж.С. Бухгалтерлік есеп. II.-Қарағанды, 2009 - С. 32-47